

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
Директоратының "Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдары
шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды зейнетақы активтері есебінен сатып
алуға рұқсат беру тәртібі туралы" 2000 жылғы 30 маусымдағы N 634 қаулысына
толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы
20 желтоқсандағы N 537. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002
жылғы 4 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1742. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының
2005 жылғы 26 наурыздағы N 117 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан
Республикасының заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан
Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір
нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі басқармасының
2005 жылғы 26 наурыздағы
N 117 қаулысына Қосымша*

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

*8. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан
Республикасының Ұлттық комиссиясы Директоратының "Қазақстан
Республикасының жергілікті атқарушы органдары зейнетақы активтері есебінен
шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алуға рұқсат беру тәртібі туралы
" 2000 жылғы 30-маусымдағы N 634 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы" 2001 жылғы 20-желтоқсандағы N 537 қаулысы (Қазақстан
Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу*

тізілімінде N 1742 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" 1997 жылғы N 4 басылымдарында жарияланған)...

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының "Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат беру тәртібі туралы" 2000 жылғы 30 маусымдағы N 634 V001213_ қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) толықтыру мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"Ұлттық Банк - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі";

2) Кіріспені қоспағанда, қаулының бүкіл мәтіні бойынша түрлі септіктегі "Ұлттық комиссия" деген сөздер тиісті септіктегі "Ұлттық Банк" деген сөздермен, "Ұлттық комиссия Директоратының" деген сөздер тиісті септіктегі "Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6-тармақтағы "он" деген сөз "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 7-тармақтағы "Ұлттық комиссия Төрағасының" деген сөздер "Ұлттық Банк Төрағасының" деген сөздермен ауыстырылсын, "оның орнындағы Ұлттық комиссия атқарушы директорының" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетіне, жергілікті атқарушы органдарға, бағалы қағаздар рыногының өзін-өзі басқаратын ұйымдарына және "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" жабық акционерлік қоғамына

ж і б е р с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК